

## *2023 жылдың шілде айының 3-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу*

Шілденің үшінші онкүндігінде Қазақстанның барлық аймағы бойынша орын алған метеорологиялық жағдайлар дәннің қалыптасып пісуіне қанағаттанарлық болса, еліміздің оңтүстігі мен батысында дәнді дақылдарды жинау үшін қолайлы болған. Елдің солтүстік жартысында температураның жоғарылауы гүлдену кезіндегі жағдайды нашарлатып, ол масақтың бос болуына әкеліп, егін шығынын тудырады.

Ақмола облысының бақылау учаскелерінде жаздық бидай егістігінде «масақтану» - «дәннің сүттенуі» фазасы, Астрахан ауданының Жалтыр станцияларының маңайында «балауыздана пісуі» байқалған. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы және қанағаттанарлық, Жалтыр станциясының маңайында нашар. Өсімдіктердің биіктігі 40-69 см жетеді.

Қостанай облысында жаздық бидайдың жағдайы жақсы және өте жақсы, Федоров ауданы Кең - Арал агропостының маңайында қанағаттанарлық, Әуликөл станциясының маңайында нашар. Даму фазасы: «гүлдену» - «дәннің сүттенуі», Федоровка және Ұзынкөл станцияларының маңайларында - «балауыздана пісу», кеш себілген егістіктерде «түтікке шығу» - «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы». Өсімдіктердің биіктігі 41-85 см жетеді.

Солтүстік Қазақстан облысында жаздық бидайдың жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы. Даму фазасы «сүттену» - «балауыздана пісуі», Саумалкөл станцияларының маңайындағы егістіктерде - «масақтану». Өсімдіктердің биіктігі 41-75 см жетеді.

Павлодар облысында жаздық бидай егістігінде «масақтану» - «балауызданып пісу», кеш себілген егістерде - «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» даму фазалары байқалған. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе қанағаттанарлық, Тереңкөл ауданының Федоровская, Ертіс ауданының Панфилов және Голубовка станцияларының маңайларында нашар. Өсімдіктердің биіктігі 35-64 см жетеді, аласа егістерде 14-25 см жетеді.

Қарағанды облысында жаздық бидайда «гүлдену» - «балауызданып пісу» даму фазасы байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 41-65 см жетеді, бидайдың жағдайы жақсы және өте жақсы.

Ұлытау облысында жаздық бидай егістігінде «дәннің сүттенуі» - «толық пісу» даму фазалары байқалған. Биіктігі 58 см жетеді, өсімдіктердің жағдайы жақсы.

Шығыс Қазақстан облысында жаздық бидай егістігінде «масақтану» - «сүттеніп пісу» даму фазалары байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 46-71 см құрайды.

Абай облысында жаздық бидайдың жағдайы жақсы және өте жақсы, биіктігі 60-69 см жетеді.

Батыс Қазақстан облысында жаздық бидайдың жағдайы көбінесе жақсы, Бәйтерек ауданының Переметное агропостының маңайындағы жеке

учаскелерде қанағаттанарлық. Даму фазасы «сүттеніп» - «толық пісу», өсімдіктердің биіктігі 35-65 см.

Ақтөбе облысында жаздық бидайдың жағдайы жақсы және қанағаттанарлық, арамшөптер жиі кездеседі. Өсімдіктердің биіктігі 64 см жетеді, «гүлдену» - «балауыздана пісу» даму фазаларында.

Бақыланатын учаскелерде жылу сүйгіш дақылдардың (дәнді жүгері, күріш, қант қызылшасы, соя, мақта) жағдайы өте жақсы, барлық жерде вегетациялық суару жалғасуда.

Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар және Қостанай облыстарында күнбағыс бақыланатын учаскелерде «гүлдеу» - «пісу» фазалары байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 122-163 см, төмен өскен егістер биіктігі 74 - 98 см жетеді (Секисовка станциясы, Новоохмирово). Өсімдіктердің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданында (Каменка станциясы) жеке учаскелерде күнбағыс егісінің жағдайы нашар.

Алматы, Абай, Жетісу, Ақтөбе, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында картоп екпелерінде «гүл шоғырларының пайда болуы» - «гүлденудің соңы» кезеңдері байқалған. Түптеу, химиялық өңдеу, қолмен қазу және картоп егісін қопсыту және вегетациялық суару жұмыстары жалғасуда. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы. Пәлектердің биіктігі 42-ден 72 см дейін жетеді, жеке егістерде 35-38 см.

Еліміздің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы жеміс дақылдары (алма, алмұрт, малина) бақтарында көбінесе «қалыптасу» - «жемістердің пісуі» даму фазалары байқалған, таңқурай мен алма өнімін жинау жалғасуда.

Республиканың оңтүстік өңірлерінде көпжылдық шөптер (жоңышқа) егістігінде жаппай «2-ші шабудан кейінгі өсу» фазасы, жеке учаскелерде «1 және 2-ші шабудан кейін гүлдеу», бедеде «2-ші шабудан кейін гүлдену» фазалары байқалған.

Шілденің үшінші онкүндігінде мал жаю жайылымдық мал шаруашылығы аймағында жаппай жүргізілген. Шөптердің жағдайы көбінесе жақсы, кейбір жайылымдарда қанағаттанарлық. Мал қыстайтын жерлерге шөпті жинау, жеткізу және шабу жұмыстары жалғасуда. Жайылымдар нашар тапталған, кейбір аудандарда орташа тапталған, Алматы облысының Жамбыл ауданында және Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында қатты тапталған. Шымның жағдайы барлық жерде құрғақ.